

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

goals based on confident attitude [15]. Thus, groups under code opinion, unique, trust, recognition and reputation were put into the category of having good understanding. Favorable impression in the online platform among the target audience can fulfill the self-esteem needs of individuals both in online and offline environments, which consequence is a successful personal branding [15]. The study shows that this direction needs to be studied and conveyed to Kazakhstani teachers in order to popularize the teaching profession and demonstrate the capabilities of teachers with a personal brand. Authority and reputation of teachers directly affects the professional status of educators. Further study will be aimed at the development of guidebook for teachers to build personal brand.

References

1. Jeffrey, P. C., Scott, A. M. (2020). How and why are educators using Instagram? *Teaching and Teacher Education*, 96.
2. Wetsch, L. R. (2012). A personal branding assignment using social media. *Journal of Advertising Education*, 16(1), 30–36. <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/109804821201600106>
3. Statista 2022, USA, New York. <https://www.statista.com/topics/1882/instagram/#dossierKeyfigures>
4. Pittman, M., & Reich, B. (2016). Social media and loneliness: Why an Instagram picture may be worth more than a thousand Twitter words. *Computers in Human Behavior*, 62, 155–167.
5. The MAIN Model: A Heuristic Approach to Understanding Technology Effects on Credibility S. Shyam Sundar <https://www.issuelab.org/resources/875/875.pdf>
6. Statista. (2022). Number of Instagram users worldwide from 2019 to 2023. Retrieved from <https://www.statista.com/statistics/183585/instagram-number-of-global-users/>
7. Napoleon Sp. z o.o. (2022). Instagram users in Kazakhstan. Retrieved from <https://napoleoncat.com/stats/instagram-users-in-kazakhstan/2022/03/>
8. Nolan, L. (2015). The impact of executive personal branding on non/profit perception and communications. *Public Relations Review*, 41 (2), 288-292. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0363811114001507>
9. Parmentier, M.-A. S., & Fischer, E. (2012). How athletes build their brands. *Int. J. Sport Manage. Marketi.* 11, 106–124. <https://www.inderscienceonline.com/doi/full/10.1504/IJSM.2012.04549>
10. Gorbatov, S., & Khapova, N., Lysova, E. (2018). Personal Branding: Interdisciplinary Systematic Review and Research Agenda. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2018.02238>
11. Baxter, K., & Courage, C. (2015). Understanding your Users (2), A Practical Guide to User Research Methods. *Interactive Technologies*, 264-301
12. Loeb, S. (2017). Descriptive analysis in education: A guide for researchers <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED573325.pdf>
13. Kleinheksel, A. J., Rockich-Winston, N., Tawfik, H., & Wyatt, T. R. (2020). Demystifying Content Analysis. *American journal of pharmaceutical education*, 84(1), 7113. <https://doi.org/10.5688/ajpe7113>
14. Khedher, M. (2014). Personal branding phenomenon. *International journal of information, business and management*, 6(2), 29.
15. Shaker, F., & Hafiz, R. (2014). Personal Branding in Online Platform Global Disclosure of Economics and Business, Volume 3(2). file:///Users/create/Downloads/154-Article%20Text-209-1-10-20200304.pdf

**ЖАҢАДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРУ ТРЕНДТЕРІНІҢ
ӨЗЕКТІЛІГІ**

Ырымбаева Нүргүл Алдажарқызы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nurgul.89@list.ru

Аннотация. Статья посвящена анализу основных трендов в системе образования в Казахстане и мире. В данной работе рассматривается концепция непрерывного образования в аспекте расширения компетенций и профессионального развития личности. Так же рассматриваются основные тренды, формирующиеся под воздействием высоких технологий: цифровизация образования, онлайн-курсы, геймификация образования, мобильное обучение, микрообучение, чат-боты.

Ключевые слова: образовательные тренды, непрерывное образование, цифровизация, онлайн-курсы, геймификация, мобильное обучение, микрообучение, искусственный интеллект и чат-боты.

Abstract. The article is devoted to the analysis of the main trends in the education system in Kazakhstan and the world. This paper considers the concept of lifelong education in terms of expanding competencies and professional personal development. The main trends emerging under the influence of high technologies are also considered: digitalization of education, online courses, gamification of education, mobile learning, microlearning, chat bots.

Key words: educational trends, continuing education, digitalization, online courses, gamification, mobile learning, microlearning, artificial intelligence and chatbots.

Бүгінгі таңда жаһандану қоғам дамуының негізгі факторларының маңызды бөлігіне айналып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында «Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: 1. білім беру мекемелерін оңтайландыру; 2. оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; 3. білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Оңтайландыру аясында білім берудің үздіксіз көлбеуін нығайту қажет. «Жасқа қарайғы» білім берудің тұтас лифт сияқты мектепке дейінгі, бастауыш, орта, кәсіптік, жоғары және ЖОО-дан кейінгі барлық түрлерінің өзара қисынды байланысын қалпына келтіру маңызды» деген болатын [1].

Мемлекет тарапынан білімнің сапалылығына, қолжетімділігіне, икемділігіне, үздіксіздігіне және кәсіби құзыретті маман даярлау мәселесіне үлкен көңіл бөлінуде. Осыған орай білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Оларды шешу үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген, «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» әзірленді. Осы бағдарлама аясында министірлік ауқымды жұмыстар атқаруда. Атап айтсақ, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында университеттерге академиялық және орындаушылық еркіндігі берілді. ЖОО оқу бағдарламаларын өздігінен жасауда. Сонымен қатар үздіксіз білім беру, қашықтықтан оқыту, білім сапасын өлшеу, педагог мәртебесі, білім беру сапасын тексеру, зерттеу университеттерін дамыту, университеттерге академиялық және басқарушылық еркіндігін беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет басшысы тапсырмасымен елімізде шетелдік беделді университеттердің филиалдарын ашып, техникалық мамандықтарға басымдық берілетіні жоспарлануда.

XXI ғасыр – жаһандану, инновациялар мен жаңа технологиялар ғасырында, әлемде болып жатқан өзгерістерге жаңаша көзқарас танытып, жаңаша ойлау маңызды. Осыған орай оқу орындарына да заман талабына сай білімді де білікті, бейімделгіш, берілген ақпаратпен жан-жақты жылдам жұмыс атқара алатын, жаңа ақпараттық технологияларды жылдам меңгеруші, сыни тұрғыда ойлап және тапсырманы шығармашылық тұрғыда шеше алатын,

құзыретті маман иелерін бітірту өзекті болып отыр. Ол үшін жаһандану және технологиялық революция контекстіндегі білім беруді дамытудың трендтерін енгізу маңызды орын алады.

Бұрын оқытудың жаңа технологияларын қолдансақ, саңғы жылдары білім беру саласында оқытудың активті әдістерін қолдану белсенді жүргізілуде. Оқу үрдісінің нәтижелі болуына бағытталған жаңа трендтер өміріміздің бір бөлігіне айналғандай. Осы трендтердің бірі үздіксіз білім беру болып отыр. Римлік философ Луций Анней Сенеканың «Бір ғасыр өмір сүр, бір ғасыр оқы» деп айтып кеткеніндей, қазіргі қоғам үздіксіз ізденуді, оқуды, талпынуды талап етуде [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен азаматтардың сауаттылық деңгейі мен олардың цифрлық білімін арттыру мақсатында - «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы жарияланған болатын. Тұжырымдамада ағымдағы жағдайды талдауға, бағдарламаны іске асыру үшін халықаралық тәжірибені ескеру, үздіксіз білім беру жүйесінің дамуы, үздіксіз білім беруді дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері және нысаналы индикаторлар мен 2025 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер қарастырылған [3]. Тұжырымдамада үздіксіз оқытуды қамтамасыз ету үшін білім берудің барлық нысандары мен деңгейлерінің құрылымы мен мазмұнын тиімді өзгертудің мақсат-міндеттерін, негізгі тәсілдерін қолдану көрсетілген. Үздіксіз білім беру арқылы бәсекеге қабілетті елдерінің деңгейіне дейін арттыру үшін халықты формальды, бейресми және ақпараттық оқытумен қамтуды қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар жеке бәсекеге қабілеттілікті және еңбек нарығында сұранысқа ие болуды қамтамасыз ету мақсатында халықтың үздіксіз білім алу қажеттілігін түсінуін қалыптастыру бойынша, әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтардың, көпбалалы әйелдердің, мүгедектер мен қарт адамдардың формалды емес білім алуына ынтасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Халықтың цифрлық құзыреттіліктерін арттыру, мамандарды даярлау, қайта даярлау бойынша да жұмыстар атқарылуда.

Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің бірнеше принципі бар. Олардың ішінде барлық категориядағы ел азаматтарына олардың жасына, жынысына қарамастан білім алудың барынша қолжетімді болуы, әр түрлі деңгейдегі білім беру салаларының бір-бірімен жалғасқан түрде әзірленуі, азаматтардың қажеттіліктеріне сай қашықтықтан білім алу, онлайн дәрістер т.б. қамтамасыз ету, білім беру мекемелеріндегі оқу бағдарламаларының заманауи еңбек нарығының сұранысына, әлемдік стандарттарға сай келуі сияқты басымдықтар бар [4].

Келесі әлемдік трендтердің бірі-білім беру саласын цифрландыру. Білім беруді цифрландыру ертеден келе жатқанымен, соңғы әлемде орын алып жатқан төртінші өнеркәсіптік революциясы нәтижесінде қарқынды дамуда. Ауқымды ақпарат ағымы мен инновациялық технологиялар тіршілігімізге еніп, жаңа өзгерістерге бейімделіп, ары қарай дами білуді талап етіп отыр.

Бұл үрдістің ең үлкен жетістігі COVID-19 пандемиясы кезінде мектеп, колледж, университеттердің онлайн, қашықтықта оқытуға көшуінде. Күндізгі оқу формасына онлайн-платформаны қолдану білім алушылардың көптігінен туындайын аудитория тапшылығын, білім алушының өздігінен ізденіп жұмыс жасауына, оқытушының жүктемесін жеңілдетуге әсерін тигізеді. Көптеген оқу орындары аралас форматтағы оқуға көшуде, яғни білім алушылар платформада өздігінен теориялық білімдерін алып, ал семинар-практикалық, топтық-шығармашылық жұмыстарын офлайн түрде өтуде.

Мемлекет тарапынан 2018-2022 жылдары аралығында іске асыру тапсырылған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты-орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау [5].

Аталған бағдарламаның міндеттерінің ішінде орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау) білім беру саласында маңызы зор.

Соңғы уақытта әлемдің трендтердің біріне айналған - оқытудың онлайн курсы. Интернет арқылы оқытудың онлайн курстарында ақпарат қолжетімді және максималды адамдар санын қамти алады. Өзінің білімін толықтырғысы келген немесе жаңа білімге қызығышылығы бар азаматтар өздеріне қолайлы уақытта онлайн курстар арқылы ақылы немесе тегін негізде білім ала алады.

Сұранысқа ие алдыңғы қатарлы онлайн курстарға: тілдік курстар, бағдарламалау, АТ дамыту, графикалық дизайн, Adobe Photoshop негіздері, бухгалтерлік курстар, тренингтер, психология және тұлғалық құзыреттілік, интернет маркетинг, құқықтық курстар, кәсіпкерлік курстары т.б.

Интернет арқылы жүргізілетін онлайн курстар синхронды, яғни сабақтар қазіргі уақытта оқытушымен кесте бойынша белгіленген уақытта жүргізіліп, үй тапсырмалары беріліп, атқарылған жұмыстар тексеріліп, курс соңында жоба қорғалып, сертификат беріледі. Ал асинхронды сабақтарда азаматтар алдын ала жазылып қойған дәрістерді өзіне ыңғайлы уақытта қарай алады. Тегін онлайн курстарда көбінесе ақпарат теорияға негізделіп, оқытушымен байланыс бола бермейді. Ал ақылы онлайн курстарда тақырып тереңдетіліп қаралады, практикаға көбірек көңіл бөлініп, үй тапсырмалары беріледі, оқытушымен кері жауап болады. Курсты бітірушіге сертификат беріледі. Сонымен қатар курстың бағасы оқытушының тәжірибесіне, курстың ұзақтығына байланысты.

Елімізде Веб-маркет білім беру қызметінің ұйымдастыруымен Edumart.kz, АҚ Еңбек ресурстарын дамыту орталығының skills.enbek.kz, ҚР Білім және ғылым министрлігі қолдауымен ұйымдастырылған «Ұлттық ашық білім беру платформасы, Damutek – ақпараттық-білім беру порталы, Janaru жобасы, Бірінші Президент Фондының қолдауымен ұйымдастырылған оқыту курстарының онлайн-платформасы Jascongess university, мұғалімдерге арналған academia.kz платформасы, skillbox.kz-сайтында, және т.б. онлайн курстар платформалары бар.

Білім берудегі геймификациясы трендіне тоқталатын болсақ, ол – мектеп оқушылары мен студенттердің оқу процесінде шығармашылық және бейімді ойлауын дамыту, қызығушылықтарын оятып, оларды оқуды жалғастыруға шабыттандыру, белсенді қатысуды барынша арттыру мақсатында оқу процесіне ойын мен ойын-сауық элементтерін енгізу. Геймификацияда компьютерлік ойындарға тән тәсілдерді білім беруде қолдану болып табылады.

Доктор Энн Шоллдың пікірінше білім берудегі геймификация – бұл оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесетін құрал. Біздің прогрестің жолын геймификация теориясымен қатар жасанды интеллект белгілейді деген болатын [6].

Оқу үрдісінде ойын технологиясының тиімді пайдаланылуы оқытушының кәсіби біліктілігіне де байланысты. Сонымен қатар оқу пәніне, сабақ тақырыбына да қарап, тиімді болған жағдайда ғана қолданған жөн. Сабақтардың ойын түрлері, сабақта ойын тәсілдері мен жағдаяттардың көмегімен құрылады, ол білім алушыларды оқу әрекетіне қызықтыру және ынталандыру құралы ретінде әрекет етеді. Оқу үрдісінде геймификация бәсекеге қабілеттілік, мақсат қоюшылық, жетістік және нәтиже, жаңа мүмкіндіктер, серіктестік, тәжірибе жинаумен ерекшеленеді. Сонымен қатар білім алушыларда көпшілдік, топта жұмыс істеу дағдылары, логикалық және шығармашылық ойлау, табандылық, тапқырлық, уақыт шеңберінде жұмыс жасай білу мүмкіндіктері дамытады.

Қазірге таңдағы геймификацияның жетістіктерінің бірі, кішкентай баланың өзі танымдық ойындарды смартфонда ойнай алады (заттар атаулары, жан-жануарлар, сандар, есептеулер, түстер, т.б.). Сонымен қатар балалардың жас ерекшелігіне де байланысты танымдық ойындар интернеттен табылады. Оқу пәндері бойынша құрылған компьютерлік білім беру ойындары www.umaignra.com, externat.foxford.ru интернет сайттарында бар.

Мобильді оқыту (M-learning) білім берудегі жаңа технология ретінде трендке айналды. Заманауи мобильді технологиялардың адам өмірінің әртүрі салаларына қарқынды түрде енуінің нәтижесінде мобильді оқытуда маңызды орын ала бастады. Жалпы мобильді құрылғылардың көмегімен кез келген уақытта, кез келген жерден білім алуды мобильді оқыту деп айтсақ болады. Мобильді білімге смартфондар немесе планшеттер сияқты мобильді технологиялар арқылы қол жеткізуге мүмкіндік бар.

Мобильді құрылғыларды қолдану арқылы оқытудың тиімділігіне: мобильді құрылғылар көлемі шағын және әрқашан адаммен бірге жүреді; бағасы азаматтарға қолжетімді; оқытудың жекелендірілуі немесе жеке тұлғаға бағыттылығы; кері байланыстың жылдамдығы және оқу нәтижелерін бағалауға мүмкіндік туу; кез келген уақытта және кез келген жерде оқу мүмкіндігі; үздіксіз білім алуды дамыту; шығындардың тиімділігін артады; WhatsApp, Telegram, Viber платформалық қосымшаларды қолдану арқылы жылдам ақпарат алмасуды жасқызуға болды. Ал мобильді оқытудың қиындықтырына немесе кемшіліктеріне: оқу барысында мобильді құрылғының экранының шағындығы; электр энергиясы және интернет желісінің барлық аймақтарда болмауы, құрылғы бағдарламаларының бұзылулары; мобильді құрылғы батереясын шектеулілігі; аландату факторының туындауы және зейінді шоғырландыру қиынға соғатынын жатқызуға болады.

Еліміздегі мобильді оқыту үшін қолданылатын платформалар: iMekter.kz; Bilimland.kz; Twig-bilim.kz; Zhastar.org; Kitap.kz; Audiokitap.kz; Open.kz; Academia.kz; т.б.

Микрооқыту (Microlearning) — онлайн оқытудың бір тренді және мобильді оқытудың бір түрі болып табылады. Микрооқыту үнемі қайталану және күрделену арқылы шағын бөліктерде білім алуды қамтиды. Сонымен қатар, сабақтардың қысқа, қызықты, әрі жылдам өтуі маңызды. Тақырып қысқа болғанымен де, мақсатты түрде құрылып, мәнге ие болу керек. Ал сабақтардың жалпы жиынтығы зерттелетін тақырыптың толық бейнесін құрайды. Курсты қолданушылардың зейінін аудару және жылдам есте қалдыру мақсатынды, метафоралар, әңгімелер, графика, бейнеролик, ойын және анимация түріндегі материалдар ұсынылады.

Микрооқыту форматының артықшылықтарына тоқталатын болсақ, мақсаттылық, зейіннің шоғырлануы, қол жетімділік, практикалық қолдану мүмкіндігі, үздіксіздік, көп форматты, орын мен уақытқа еркіндігі, модульдік және икемділік, кез келген уақытта қайталау бар. Бұл оқыту түрі мамандықты түбегейлі меңгеруге, тақырыпты кеңірек түсінуге мүмкіндік бермейді, сондай ақ күрделі ұғымдарды түсіндіру үшін оңтайлы емес екенін ескеру керек.

Микрооқыту форматы шет тілдерді меңгеруде, корпоративтік қызметкерлерді оқытуда белсенді түрде қолданылады.

Ақылы немесе тегін түрде микрооқыту курстарын SLIDO, LessonDelivery, PLICKERS, Coreapp.ai, iSpring Page, WOOCCLAP, QUIZZIZ т.б. платформаларда жасауға болады.

Жасанды интеллект және чат-бот - бұл да ең танымал трендтердің бірі. Жасанды интеллект жеке білім беру траекториясын жасауға, білім алушылардың оқу үрдісін дербестендіруге, құзыреттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Чат-бот – онлайн түрде адаммен сұхбатты бейнелейтін, қандайда бір нақты мәселелерді шешуге көмектесетін бағдарлама.

Бастапқыда ойын-сауық үшін кеңінен қолданылып жүрген бағдарлама, кейіннен білім беру саласында да өз орынын тапты. Ақпарат іздегенде көптеген сайттарда чат-ботты кездестіріп, көп қойылатын сұрақтардың жауаптарын алуға болады. Сонымен қатар, сұраққа жауап беретін чат-боттардан басқа, жаттықтырушы чат-боттарды да кездестіруге болады. Осылайша чат-боттардың көмегі көп қойылатын сұрақтардың жауабын, басты ережелердің сипаттамасын, ақпараттың орналасқан жерін біліп, алған білімді қайталауға, бекітуге әсерін тигізеді. ЖОО-да өз сайттарында талапкерлерді қабылдауда осы чат-боттарды кеңінен қолдануда.

Мақалада қазіргі кезде білім беру парадигмасының өзгеруіне, білім берудің мазмұнын жаңартып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынастардың пайда болуына өзіндік әсерін

тигізіп жатқан білім беру трендтерінің өзектілеріне тоқталып өттік. Заман ағымымен білім беру трендтері де үздіксіз жанару үстінде. «Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдай анық, күндей жарық ақиқат... Мәдениет жігін жоғалтпай, өз жігін жоғалту оңай емес» [7]деп Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, әлемнің білім беру трендтерінің ішінен ұлттық ерекшелігімізді, мәдениетімізді ескере отырып, еліміздің білім беру жүйесіне ыңғайлысын, тиімдісін іріктеп, қолданысқа енгізу де маңызды деген ойдамын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Н.Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам 2012 жылғы 10 шілде «ҚазАқпарат» ХАА https://www.inform.kz/_a2478341
2. https://ru.wikiquote.org/wiki/Луций_Анней_Сенека
3. Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы. Жанартылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471>
4. Үздіксіз білім берудің әлеуеті қалай. 23 Тамыз, 2021. Сәкен Есіркеп <https://strategy2050.kz/news/zdiksiz-bilim-berudi-leueti-alay/>
5. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
6. Глобальные тренды в образовании: геймефикация и онлайн обучение 12 ноября, 2018. <https://strategy2050.kz/ru/news/52293/>
7. Тіл және жаһандану. 6 Қаңтар 2020. ф.ғ.к. Ербол Тілешов <https://egemen.kz/article/217050-til-dgane-dgaqandanu>

АНАЛИЗ МЕТОДИКИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

Юсупов Конысбай Абылович

Доктор педагогических наук, профессор
Каракалпакский государственный университет
Республика Каракалпакстан, город Нукус.
Контактный телефон: +9933626564
Электронный почта: qonisbay.yusipov@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается один из актуальных вопросов современности-пути повышения интереса учащихся к чтению художественных произведений на основе литературоведческого анализа. В качестве материала для исследования послужили произведения известных каракалпакских писателей. Статья посвящается изучению вопросов проведения внеаудиторных занятий по каракалпакской литературе для учащихся академических лицеев. В преподавании каракалпакской литературе, и в проведении лекционных занятий, а также в правильном использовании методов обучения от педагога требуется большое методическое мастерство. Для достижения желаемого результата в преподавании каракалпакской литературе можно использовать проблемные, монографические, дидактические и экспериментальные лекции. Разнообразное использование методов способствует укреплению теоретических знаний. Для того, чтобы каждый урок был интересным нужно определить цель каждого занятия. Некоторые материалы каракалпакской литературы желательно изучать с помощью методов.

Ключевые слова: процесс урока, литературовед, поэма, образ, метод, обучение, разбора художественных произведений, дидактический анализ.